

## Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық құжаттарды беру ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 31 желтоқсандағы N 761 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде 2010 жылғы 1 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6029 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 1-бабы 9) тармақшасын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық құжаттарды беру ережесі бекітілсін.

2 . М ы на л а р д ы ң :

1) "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Орынбасары - Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 18 қарашадағы № 372 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2087 болып тіркелген) 1-тармағы 2) тармақшасының;

2) "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 15 қарашадағы № 372 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 20 мамырдағы № 318 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5227 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар актілерінің жинағында № 8 болып жарияланған) күші жоғылды 3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығын дамыту және ветеринариялық қауіпсіздік департаментіне (Тоқсөйтова Р.Ә.) осы бұйрықтың заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан

д е п

та на л с ы н .

Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің м.а.*

*M. Оразаев*

Қазақстан

Республикасы

Ауыл

шаруашылығы

министрін

міндеттерін

атқаруышының

2009

жылғы

31

желтоқсандағы

N 761 бұйрығымен бекітілген

## **Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы объектілерге ветеринариялық құжаттарды беру ережелері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы объектілерге ветеринариялық құжаттарды беру Ережелері (бұдан әрі – Ереже), 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Занының 1-бабының 9) тармақшасына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы объектілерге ветеринариялық құжаттарды рәсімдеу және беру бойынша жұмыстарды ұйымдастырудың бірыңғай тәртібін реттейді.

2. Ережеде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ведомство – Ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің агрономеркәсіптік кешені мемлекеттік инспекциясы Комитетінің орталық аппараты;

2) рұқсат алу – өткізілетін (тасымалданатын) объектілерді экспорт, импорт, транзитке рұқсат алу реестрінің реттік нөмірі, өткізілетін (тасымалданатын) объектілерге импорттау кезінде уәкілетті орган ведомствосымен берілген;

3) ветеринариялық-санитариялық қорытынды – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережеге, талаптар мен нормаларға, сондай-ақ объектінің құрылыш, қайта жөндеу және техникалық жабдықтау жобаларын технологиялық жобалау нормаларына сәйкестігін (сәйкес еместігін) растайтын құжат;

4) ветеринариялық сертификат – орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні Қазақстан Республикасы ішінде және экспорттауда қолданылатын ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін растайтын құжат;

5) ветеринариялық анықтама – жануарға тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің

аумағындағы эпизоотикалық жағдай туралы аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің жергілікті атқарушы орган бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері берген құжат;

6) импорттаушы ел – бақылаудағы тауардың соңғы бағытындағы ел;

7) экспорттаушы ел (эспортер-ел) – бақылаудағы тауарларды импортер-елге ж і б е р е т і н е л ;

8) транзиттік ел – бақылаудағы тауарлардың импортталушы елге бағытталуы оның территориясы арқылы өтетін мемлекет;

9) уәкілетті орган – экспортталатын өнімнің қауіпсіздігін күеландыратын ветеринарлық құжат беруге уәкілетті экспорттаушы елдің органы;

10) жануарлар – ауылшаруашылық, үй, жабайы, сүт қоректілер, құстар, аралар, балықтар, құрлықтық, жәндіктер және басқа да жануарлар әлемінің е к і л д е р і ;

11) асыл тұқымдық қуәлік – аттестатталған асыл тұқымдық зауытпен, асыл тұқымдық шаруашылықпен, асыл тұқымдық орталықпен, дистрибутерлік орталықпен, берілетін, асыл тұқымды жануардың шығу тегін, өнімділігін және басқа да қасиеттерін, сондай-ақ ата-енесінің шығу тегін және ұрық немесе әмбрион сапасын растайтын құжат;

12) партия - орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің бір атауы, бірдей шығарылу күні, бірдей жағдайда бір өндірушімен өндірілген (дайындалған) және бір уақытта жеткізілген саны;

13) иесі – ветеринариялық құжат алуға өтініш жасаған жеке және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер .

14) жеке сәйкестендіру нөмірі - жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде өзінің қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - ЖСН);

15) бизнес-сәйкестендіру нөмірі - бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға (филиал және өкілдік) және жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - БСН);

16) ветеринариялық бақылау бекеті – шекара және кеден бекеттерінің аумағында (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізетін пункттер) орналасқан, уәкілетті орган ведомствоның орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асыруға қажетті жабдықтармен және аспаптармен жарапталған бөлімшесі .

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің  
2011.05.03 № 08-3/233 Бұйрығымен.**

3. Осы Ереженің талаптары орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ұстаумен, көбейтумен, дайындаумен (союмен), өндірумен, қайта

өндөумен, тасымалдаумен, сақтаумен және өткізумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға ветеринариялық құжаттарды ресімдеу мен беруді жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды тұлғалар үшін орындауға таралады.

4. Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны, ветеринариялық сертификатты және ветеринариялық анықтаманы ресімдеу ақысыз жүзеге асырылады, төлем сұратылған ветеринариялық құжаттың бланкісі үшін, оның берілу кезіндегі нақты құны бойынша Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес түскен қаржыны бюджет кірісіне аудару арқылы алынады.

5. Ветеринариялық құжаттың бланкісі және тұбіртегі типографиялық әдіспен нөмірленеді, бірдей нөмірмен құнды қағаздар дәрежесінде қорғаныс деңгейін қамтамасыз

е т е д і .

6. Ветеринариялық құжаттардың бланкілері мынадай белгілері бар символдар мен сандармен нөмірленеді:

алғашқы екі символ – Қазақстан Республикасының литерлік коды (ISO – Халықаралық стандарттау ұйымының кодына сәйкес екі әріпті қысқартылған атапуы) ;

үшінші цифр – облыстың литерлік коды;  
төртінші цифр – ауданның литерлік коды;  
бесінші цифр – құжаттың реттік нөмірі.

7. Әр түрлі сиямен, жазумен, әріппен толтырылған, түзетулері бар, мөрмен бекітілмеген, анық көрінбейтін мөрі бар, берілген күні, ветеринариялық құжатты берген лауазымды тұлғаның лауазымының атауы, аты-жөні толық болмаған жағдайда, қолдың осы Ереженің 6-тармағының талаптарына сәйкес келмеуінде ветеринариялық құжаттың бланкілері жарамсыз деп есептеледі.

8. Текстті түзету тек сзызу арқылы жүргізіледі, және де түзетілген жердің жанына мөр, қол қойылады және түзетуді енгізген лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты жазбаша жазылады;

9. Ветеринариялық құжаттардың бланкілеріне жануардың жеке нөмірі, бұл қолданылмайтын жағдайлардан басқа (мысалы, бір тәуліктік балапандарды тасымалдағанда) жағдайларда өндіріс объектісінің есепке алу нөмірі көрсетіледі.

10. Ветеринариялық-санитариялық қорытындының, ветеринариялық анықтаманың, ветеринариялық сертификаттың бланкілері мемлекеттік және орыс тілдерінде, ветеринариялық сертификат қосымша ағылшын тілінде рәсімделеді.

11. Ветеринариялық құжаттардың бланкілерін есепке алу қатаң түрде есеп берілетін құжаттармен қатар жүргізіледі, берілген ветеринариялық-санитариялық қорытындының екінші нұсқасы, ветеринарлық санитарлық сертификаттың, ветеринариялық анықтаманың тұбіртектері 3 жыл бойы сақталуы тиіс.

## **2. Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны рәсімдеу және беру тәртібі**

12. Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау нәтижелері бойынша республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары, ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы осы Ережеге 1-көсімшаға сәйкес нысандада береді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің  
2011.05.03 № 08-3/233 Бұйрығымен.**

13. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторымен және оның орынбасарымен, ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторымен ветеринариялық-санитариялық қорытындыны рәсімдеу құқығы берілген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар тізімдері бекітіледі.

14. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – иесі) ветеринариялық-санитариялық қорытынды алу үшін сәйкес ветеринария саласындағы өкілетті органның республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, аудандағы (облыстық маңызы бар қалалардағы) аумақтық құрылымдық ведомстволарының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторына (тіркеуге жауапты) төмендегілерді көрсетіп, жазбаша (еркін үлгідегі өтініш) өтініш жасайды:

заңды тұлғалар үшін – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы объектінің атауы, БСН, мекен-жайы, оның профилі;

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы объектінің мекен-жайы.

Өтінішке келесі құжаттар қоса тіркеледі:  
жеке тұлға үшін – жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) күзілігінің көшірмесі;

зертханалық зерттеу жүргізілгені туралы - ветеринариялық зертхананың сараптама актісі.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің  
2011.05.03 № 08-3/233 Бұйрығымен.**

15. Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны рәсімдеу мерзімі өтініштің түсінен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде рәсімделеді.

16. Тіркеуге жауапты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор

объект иесінің өтініш беру мерзімінен:  
ұсынылған құжаттардың толықтығын (дұрыстығын) тексереді;  
өтініштерді тіркеу журналында тіркейді;  
өтініш тіркелген мерзімнен бастап ветеринариялық-санитариялық  
қорытындыны рәсімдеу құқығы берілген, мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық инспекторға жібереді.

17. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор:  
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы объектіге зерттеу  
жүргізді;

ұсынылған құжаттар бойынша объектінің сәйкестігін тексереді;  
ветеринарлық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерге, талаптарға және  
нормаларға, ал өндіріс объектісін қолданысқа бергенде құрылыш, қайта жөндеу  
және объектінің техникалық жабдықталу жобасының технологиялық жобалау  
нормаларына  
сәйкестігін;

инспекциялау актін рәсімдейді және құжаттар жиынтығын респубикалық  
маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық инспекторына және оның орынбасарына,  
ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық инспекторына шешім қабылдау үшін қарауға

ҰсЫНАДАЫ.

18. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары, ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық  
инспекторлары бір жұмыс күні ішінде төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды:

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы объектінің  
ветеринарлық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерге, талаптарға және  
нормаларға, ал өндіріс объектісіне бергенде құрылыш, қайта салу және объектіні  
техникалық жабдықтау жобасының технологиялық жобалау нормаларына  
сәйкестігі туралы ветеринариялық-санитариялық қорытынды береді.

анықталған жөнсіздікті жоюға ұсыныстармен бірге объектінің сәйкессіздігі  
туралы ветеринариялық-санитариялық қорытынды шығарады.

Объектінің сәйкессіздігі туралы мемлекеттік ветеринариялық қорытынды  
беру себебі:

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы объектінің  
ветеринарлық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерге, талаптарға және  
нормаларға  
сәйкессіздігі  
анықталғанда;

құжаттардың толық (дұрыс) болмауы, ұсынылған құжаттардағы ақпараттың  
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы объектінің  
ветеринарлық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерге, талаптарға және

нормаларға және де осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген талаптарға  
сәйкестігін жоқтайтын ;

мемлекеттік ветеринариялық бақылаудағы объектінің жүру (тұру) орнында  
эпизоотикалық жағдайдың жануарлардың инфекциялық аурулары бойынша  
өзгеруі (нашарлауы) .

19. Ветеринариялық-санитариялық қорытынды екі данада жасалады, бір  
данасы өндіріс объектісінің иесіне немесе басшысына (өкіліне) беріледі, ал  
екінші данасы осы құжатты берген Бас мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық инспекторда және оның орынбасарында қалады.

### **3. Ветеринариялық сертификатты ресімдеу және беру тәртібі**

20. № 1, 2 және 3 нысандағы ветеринариялық сертификаттар орны  
ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің әр партиясына осы Ережеге 2-  
қосымшаға сәйкес тізбе бойынша және осы Ережеге 3-қосымшада көрсетілген  
нысандар бойынша беріледі және орны ауыстырылатын (тасымалданатын)  
объектінің жеткізу жеріне дейін тасымалдау мерзімінде жарамды.

**Ескертү. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің  
2011.05.03 № 08-3/233 Бұйрығымен.**

21. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы орны  
ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат  
республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық инспекторымен және оның орынбасарымен,  
ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық инспекторымен беріледі. Облыстың бас  
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы сәйкес  
аумақтық-әкімшілік бірлікте (аудан, облыстық және республикалық маңызы бар  
қала, астана) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге ветеринариялық  
сертификат беруде қол қоюға құқығы рұқсат етілетін мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық инспекторлары тізімін (бұдан әрі - тізім) бекітеді.

Экспортқа ветеринариялық сертификат беруде қол қоюға рұқсат етілетін  
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар тізімі (бұдан әрі - тізім  
) Қазақстан Республикасы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық  
инспекторымен келісіледі .

Ветеринариялық сертификат беру кезінде қол қоюға рұқсат етілген  
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың мөр түрі және қол  
қою үлгісі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің  
сайтында орналастырылады .

22. Ветеринариялық сертификат аумақтарды аймақтарға бөлуді есепке ала

отырып беріледі. Қолайсыз аймақтан шыққан орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат берілмейді.

23. 5 басқа дейінгі санда жануарларды тасымалдау кезінде олар туралы аты және идентификациялық нөмірі, сондай-ақ жынысы, тұқымы, жасы көрсетіліп, № 1 нысандағы ветеринариялық сертификатқа енгізіледі.

5 бастан жоғары санда жануарларды тасымалдау кезінде ветеринариялық сертификатқа, жоғарыдағы сертификатты берген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың мөрімен және қолымен күәландырылған жазба қосылады.

24. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы объектінің Қазақстан Республикасының ішінде орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде ветеринариялық сертификатты ресімдеу немесе дәлелді жазбаша бас тарту иесі тізімге енгізілген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторға жүргінген күні жүргізіледі.

Иесі жазбаша түрде (еркін нысандағы өтініш) жоспарланған тасымалдаудың басталуын көрсетіп:

жеке тұлғалар үшін – тегін, атын, әкесінің атын, ЖСН, мекен-жайын, жануардың жеке нөмірін, жануарды (балықтардан, аралардан, қосмекенділерден басқасы) және жануарлардан алынатын өнімдердің орнын ауыстыру кезінде - жануардың жеке нөмірін;

занды тұлғалар үшін – атауын, БСН, мекен-жайын, ведомство берген өндіріс объектінің есептік нөмірін, жануарды (балықтардан, аралардан, қосмекенділерден басқасы) және жануарлардан алынатын өнімдердің орнын ауыстыру кезінде - жануардың жеке нөмірін;

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауын; орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің мөлшерін, оның өлшем бірлігін;

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің экспортты, импорты кезінде пайдалануы болжанған көлік түрін;

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің бағытын;

импорттың, экспорттың мақсаттарын (тірі жануарлар үшін - өсіру және ұстай, сату, етке сою; өнімдер үшін - өткізуге, қайта өндеуге; жемшөп және жемшөп қоспалары үшін – ол арналған жануарлардың түрін);

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің сақтауды жүзеге асыратын өндіріс объектісін көрсетіп Қазақстан Республикасының аумағындағы межелі пунктін және олардың есептік нөмірін.

Өтінішке келесі құжаттар қосылады: асыл тұқымды жануарларды тасымалдау кезінде асыл тұқымдық куәліктің көшірмесін;

жануарды тасымалдау кезінде жануардың ветеринарлық паспорты немесе  
в е т е р и н а р л ы қ а н ы қ т а м а ;

жануарлардан алынған өнім мен шикізатты тасымалдау кезінде ветеринарлық зертханалардың жүргізілген қажетті зертханалық зерттеулерінің сараптама актісі.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор ұсынылған құжаттардың толықтығын ветеринариялық-санитариялық талаптарына және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін анықтайды, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің тіркеу журналына өтінішті тіркейді, ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасының немесе бөлімшенің сараптама актісін зерттейді.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық-санитариялық талаптарына және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі жағдайында бағытталған межеге кедергісіз жетуді қамтамасыз ететін ветеринариялық сертификат беріледі.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге ветеринариялық сертификатты беруден бас тартудың негізгі себебі: қолайсыз аймақ;

иесімен берілген ақпардың толық және анық болмауы; орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық-санитариялық талаптарға және қауіпсіздік талаптарына сәйкес болмауы .

**Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2011.05.03 № 08-3/233 Бұйрығымен.**

25. Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттерге шығарылатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат экспорттаушы-ел талаптарына сәйкес беріледі. Откізілетін (тасымалданатын) объектінің экспорттау алдында уәкілетті орган ведомствосымен берілетін экспорттауға рұқсат қағазы рәсімделеді. Иесі (экспортер) шығаруға рұқсат алған соң, тасымалдау басталынан 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, сәйкес аумақтық-әкімшілік бірлігінде (аудан, облыстық және республикалық маңызы бар қала, астана) ветеринариялық сертификатты беруде қол қоюға рұқсат етілген, келісілген тізімге енгізілген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторға өтініш жасайды.

Иесі (экспортер) жазбаша түрде (еркін нысандағы өтініш) жоспарланған тасымалдаудың басталуын жақсартып көрсетіп:

жеке тұлғалар үшін – тегін, атын, әкесінің атын, ЖСН, мекен-жайын, жануардың жеке нөмірін, жануарды (балықтардан, аралардан, қосмекенділерден басқасы) және жануарлардан алынатын өнімдердің орнын ауыстыру кезінде – жануардың жеке нөмірін;

занды тұлғалар үшін – атауын, БСН, мекен-жайын, ведомство берген өндіріс объектінің есептік нөмірін, жануарды (балықтардан, аралардан, қосмекенділерден басқасы) және жануарлардан алынатын өнімдердің орнын ауыстыру кезінде - жануардың жеке нөмірін;

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауын;  
орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің мөлшерін, оның өлшем  
б і р л і г і н ;

экспорттаушы ел және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің  
м е ж е л і б а ф ы т ы н ;

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің экспорты, импорты  
кезінде пайдалануы болжанған көлік түрін;

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің бағытын, орны  
ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің өткізу жүзеге асырылатын  
мемлекеттік шекара пункттерін көрсетіп;

импорттың, экспорттың мақсаттарын (тірі жануарлар үшін - өсіру және ұстай,  
сату, етке сою; өнімдер үшін - өткізуге, қайта өндеуге; жемшөп және жемшөп  
қоспалары үшін – ол арналған жануарлардың түрін);

Қазақстан Республикасы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық  
инспекторымен немесе оның орынбасарымен берілген рұқсаттың нөмірі және  
к ү н і .

Өтінішке келесі құжаттар қосылады:

асыл тұқымды жануарларды тасымалдау кезінде - асыл тұқымдық куәліктің  
к ө ш і р м е с і н ;

жануарды тасымалдау кезінде - жануардың ветеринарлық паспорты немесе  
в е т е р и н а р л ы қ а н ы қ т а м а ;

жануарлардан алынған өнімді және шикізатты тасымалдау кезінде -  
ветеринарлық зертханалардың жүргізілген қажетті зертханалық зерттеулерінің  
с а р а п т а м а а к т і с і .

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор ұсынылған  
құжаттардың толықтығын ветеринариялық-санитариялық талаптарына және  
қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін анықтайды, орны ауыстырылатын (тасымалданатын)  
объектілердің тіркеу журналына өтінішті тіркейді, ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасының немесе бөлімшениң  
с а р а п т а м а а к т і с і н з е р т т е й д і .

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық-санитариялық талаптарға және қауіпсіздік талаптарына  
сәйкестігі жағдайында бағытталған межеге кедергісіз жетуді қамтамасыз ететін  
ветеринариялық сертификат беріледі.

Қазақстан Республикасы шекарасын кесіп өткенде бақылау пунктінің

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторымен құжаттық, физикалық және қажет болғанда зертханалық бақылаудан кейін, ветеринариялық сертификаттың сәйкес бағанына штамп қояды.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) обьектіге ветеринариялық сертификатты беруден бас тартудың негізгі себебі: қолайсыз аймак;

иесімен берілген ақпараттың толық және анық болмауы; орны ауыстырылатын (тасымалданатын) обьектінің, транспорт құралының ветеринариялық-санитариялық талаптарға және қауіпсіздік талаптарына сәйкес болмауы;

экспорттауға рұқсаттың болмауы.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2011.05.03 № 08-3/233 Бұйрығымен.**

26. Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден келіп түскен орны ауыстырылатын (тасымалданатын) обьектіге соңғы межелі пунктіне дейін бағанында "кіруге рұқсат етілген" деген штампы бар ветеринариялық сертификат қолданылады.

27. Тері – жұн шикізатына оларды таңбалағаннан кейін мемлекеттік ветеринариялық зертхананың сараптама актісінің негізінде ветеринариялық сертификат беріледі.

28. Ауданның, облыстың, республиканың сыртына шығарылатын етте, тері және жұн шикізатында таңбаның айқын белгілері болмаса, оларды тасып әкелуге берілген ветеринариялық сертификат жарамсыз деп танылады.

#### **4. Ветеринариялық анықтаманы ресімдеу және беру тәртібі**

29. Жануарға берілетін ветеринариялық анықтама жануардың ветеринариялық паспортының және жеке нөмірінің, жануарды, сондай-ақ осы жануардан алынған өнімдер мен шикізатты ветеринариялық тексеріп қарау нәтижелерінің бар болуына қарай, өнімдер мен шикізатты, әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы эпизоотиялық жағдайды ветеринариялық тексеріп қарау нәтижелері бойынша үндеу жасалған күні ресімделеді.

Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің осы әкімшілік-аумақтық бірлік аумағының шегінде беріледі және осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Жануарға және оның сойыс өнімдеріне берілген ветеринариялық анықтама 3 күн ішінде, сүтті қайта өндеу кәсіпорнына жіберілген жануардан алынған сүтке берілген күннен бастап бір ай ішінде қолдануға жарамды.

30. Ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын аудандық маңызы

бар қаланың жергілікті атқарушы орган бөлімшесінің лауазымды тұлғасы (басшысы) ветеринариялық анықтаманы беру құқығы берілген ветеринариялық дәрігерлердің тізімін бекітеді. Мәрдің белгісі және тізімдегі ветеринариялық дәрігерлер қолдарының үлгілері уәкілетті органның тиісті бөлімшелеріне жіберіледі.

31. Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы бөлімшесінің тасымалдауды жүзеге асыратын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесі, объектінің өту орны бойынша әкімшіліктегі ветеринариялық дәрігерге өтініш жасайды.

32. Ветеринар дәрігер зертханалық зерттеулер негізінде, ақпараттар базасындағы ауыл шаруашылық жануарларын идентификациялау бойынша, ветеринарлық құжат, және де өтініш беру мезгілінде эпизоотикалық жағдайды бағалау бойынша ветеринарлық анықтама береді. Жануарды сою аландарында сою кезінде малды және сойыс өнімдерін ветеринарлық тексереді және кейіннен етке таңба салады. Жануардың сойылған соң терісіне оң жақ жоғарғы бұрышына жуылмайтын сиямен жануардың жеке нөмірі жазылған жапсырма (суланбайтын материалдан жасалған) жапсырылады.

Ветеринарлық дәрігер ветеринарлық анықтаманы беруден себепті бастартуды келесі жағдайларда жүргізеді:

қолайсыз аймақ;

жұқпалы сипаттағы ауру анықталғанда;  
жануардың жеке нөмірі болмағанда;

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің, транспорт құралының ветеринариялық-санитариялық талаптарға және қауіпсіздік талаптарына сәйкес болмады;

33. Терілік және мөхтыйқ шикізаттарға ветеринарлық анықтама жануардың жеке нөмірі көрсетілген жапсырма болғанда беріледі.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық  
бақылаудағы объектілерге ветеринариялық  
құжаттарды беру ереженің 1 қосымшасы

Қазақстан Республикасы / Республика Казахстан  
Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау  
Государственный ветеринарно-санитарный контроль

облыс / область

аудан, қала / район, город

тұжырымдама  
органның  
государственного  
заключение

берген  
органа,

мемлекеттік  
аталуы/наименование  
выдавшего

## ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ–САНИТАРИЯЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ВЕТЕРИНАРНО-САНИТАРНОЕ ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Жасалған жері/Место составления \_\_\_\_\_  
қала, аудан/город, район

Мен/Я, \_\_\_\_\_ тексердім/проверил  
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың аты-жөні, лауазымы/  
ФИО государственного ветеринарно-санитарного инспектора, должность  
Нысанның аталуы, оның саласы / Наименование объекта, его профиль  
\_\_\_\_\_

Мекен-жайы, түрған жері/Адрес, место нахождения \_\_\_\_\_  
Иесі немесе басшысы/Владелец или руководитель \_\_\_\_\_  
Осы орайда анықталғаны/При этом установлено \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының ветеринария саласының заңнамаларымен  
белгіленген ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерге,  
талаптарға және нормаларға сәйкестігі туралы қорытынды/заключение о  
соответствии ветеринарным (ветеринарно-санитарным) правилам,  
требованиям и нормам, установленных законодательством Республики  
Казахстан в области ветеринарии \_\_\_\_\_

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Ұсыныстар / Рекомендации:

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Ветеринариялық-санитариялық қорытындының бір данасын алдым/Один экземпляр ветеринарно-санитарного заключения получил

иесі немесе басшының қолы / подпись владельца или руководителя

М . О .  
М.П.

Ба<sup>с</sup> мемлекеттік ветеринариялық-  
санитариялық инспектор  
Главный государственный ветеринарно-  
санитарный инспектор

---

қолы/подпись аты-жөні / Ф.И.О.  
" " 201 ж/г.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық  
бақылаудағы объектілерге ветеринариялық  
құжаттарды беру ережесінің 2-қосымшасы

**№ 1 нысанды ветеринариялық сертификат берілетін  
өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің  
ТІЗБЕСІ**

1. Жануарлардың барлық түрі (ауылшаруашылық, үй, жабайы, зоопарктік, теңіз, ауланатын терісі бағалы андар, цирктік, зертханалық және т.б.).
2. Құстардың барлық түрі (үй, дала, әсемдік).
3. Бал аралары, жібек құртының тұты.
4. Әсемдік жәндіктер, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар және рептилии.
5. Балықтар (сонымен қатар әсемдік), көл бақалар, шаяндар, теңіз омыртқасыздар басқа гидробионаттар, асырауға және көбейтуге арналған шарап Ұл ула ры .
6. Ұрықталған уылдырық, эмбиондар, зиготалар, жануарлардың ұрықтары.
7. Инкубациялық жұмыртқа .
8. Балықтарға арналған тірі азықтар (сонымен қатар гамарус, артемия салина)

**№ 2 нысанды ветеринариялық сертификат берілетін  
өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің ТІЗБЕСІ**

1. Үй, жабайы және теңіз жануарлары мен құстардан өндірілген, асқа қолдануға рұқсат етілген ұшалар, жартылай ұшалар, төрттен бір ұшалар, блоктар және олардан өндірілген өнімдер (жартылай фабрикаттар).
2. Жануарлардан өндірілген ішкүрліс мүшелері мен кесінді еттер, шошқа майы, айырлған және айырмаған майлар, консерванттармен өнделген және кептірілген қан және басқа да асқа пайдаланылатын өнімдер.
3. Қақталған, кептірілген, тұздалған, пісірілген, пісіріп қақталып дайындалған ет өнімдері . |
4. Асқа қолданылатын альбумин, желатин, казеин.
5. Сүт және сүт өнімдері .
6. Ет, балық, сүт консервілері .
7. Бал арасы .
8. Балық, шаянтәрізділер және асқа қолданылатын басқа да гидробионаттар, олардың өнімдері .
9. Тауарлық құс жұмыртқасы, жұмыртқадан өндірілген үгінді және меланжы.

**№ 3 нысанды ветеринариялық сертификат берілетін  
өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің  
ТІЗБЕСІ**

1 . Эндокриндік шикізат .

2 . Ишек - қарын .

